

**Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-П бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда тіркелді. Тіркеу N 1432. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 311-ө бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 311-ө бұйрығымен.**

**Ескерту: Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" 2000 жылдың 28 желтоқсанындағы N 1920 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін.

**Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1997 жылдың 9 желтоқсанындағы N 222-б "Зейнетақы төлемдері жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері жөніндегі әдістемелік нұсқаулар" бұйрығы ;

2) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің "Зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуына, жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, және арнаулы мемлекеттік жәрдем ақыларды тағайындау және төлеу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылдың 12 сәуіріндегі N 59-б бұйрығы ;

3) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

Министрінің "Зейнетақы төлемдері жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуына, жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды және арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау мен төлеудің тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылдың 12 сәуіріндегі N 60-б бұйрығы ;

4) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайы ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындау және төлеу үшін құжаттарды қараудың тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылдың 18 ақпанындағы N 46-б б ұ й р ы ғ ы .

3. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и қ а с ы  
Е ң б е к              ж әне              х а л ы қ т ы  
ә л е у м е т т і к              қ о р ғ а у              м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 1              ж ыл ғ ы              2 5              н а у р ы з д а ғ ы  
N      1 7 - П              б ұ й р ы ғ ы м е н  
"Бекітілген"

**Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін,  
мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік  
әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы  
жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді  
ұйымдастырудың тәртібі туралы  
нұсқаулық**

**Ескерту: Нұсқаулықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

## **1. Жалпы ережелер**

Осы Нұсқаулық " Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы " 1997 жылғы 20 маусымдағы, "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" 1997 жылғы 16 маусымдағы, "Жер асты және ашық кен

жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істейтін адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді және Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (бұдан әрі - ЗТМО) төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды (бұдан әрі - зейнетақыларды және (немесе) жәрдемақыларды) тағайындау мен төлеуді ұйымдастырудың тәртібін айқындайды.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындауды Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің облыстық (Астана және Алматы қалаларының) департаменттері (бұдан әрі - департамент) жүргізеді.

**Ескерту: 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

## **2. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындауды ұйымдастырудың тәртібі**

1. Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы өтініш (N 1 қосымша) өтініш беруші адамның тұрғылықты жеріндегі ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелеріне (бұдан әрі - ЗТМО бөлімшесі) тізбеге (N 2 қосымша) сәйкес барлық қажет құжаттары қоса беріледі.

Зейнетақы немесе жәрдемақыларды тағайындау туралы өтініштер мен оған қоса берілген құжаттар журналда (N 3 қосымша) тіркеледі. Өтініш берушіге қабылданғаны туралы белгісі бар өтініштің жыртылмалы талоны беріледі.

2. Зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау үшін қажетті құжаттар міндетті түрде олардың көшірмелерін бірге ұсынылады. Құжаттардың көшірмелерін оларды түпнұсқамен салыстырғаннан кейін ЗТМО бөлімшесінің бастығы растауы қажет. Құжаттардың белгіленген заңнамалық тәртіппен расталған көшірмелерін қабылдауға жол беріледі.

3. ЗТМО бөлімшесі зейнетақы немесе жәрдемақы алушының іс макетін (бұдан әрі - іс макеті) (N 4-қосымша) жасайды, сондай-ақ шешімнің жобасын ресімдейді (N 5-қосымша).

4. Іс макеті ЗТМО бөлімшесі құжаттарды қабылдаған күннен бастап 5 күн ішінде жасалады және ЗТМО облыстық филиалы арқылы (бұдан әрі - ЗТМО филиалы) екі данадағы хабарламамен қоса (N 6 қосымша) Департаментке жіберіледі.

5. Зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау кезінде тиынмен есептелген барлық сомалар, тиындардың сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады.

6. Құжаттар түскен күннен бастап 5 күн ішінде Департамент оларды қарайды және зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы мәселені шешуге қажетті құжаттар түгел ұсынылмаған жағдайда істің макеті пысықтап ресімдеуге қайтарылады.

7. Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау немесе қайта қарау үшін өтініш иесі ұсынған құжаттардағы жазу қате немесе дәл болмаған жағдайда өтініш иесі қажетті фактілерді сот тәртібімен анықтайды.

Ұсынылған құжаттардың растығы күдік туғызған жағдайда Департамент тиісінше тексеру жүргізуге құқылы. Департамент тексеру мақсатында құжаттарды сұрата алады, сараптамаға жібереді, оларды беруге негіз болып табылатын құжаттардың бар екендігін тексере алады.

8. Департамент зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау туралы шешім қабылдаған соң зейнетақы немесе жәрдемақы алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылатын "Зейнетақы немесе жәрдемақы алушының куәлігін" (бұдан әрі - Куәлік) (N 7 қосымша) жазып береді.

9. ЗТМО бөлімшесі зейнетақы немесе жәрдемақы алушыға (бұдан әрі - алушы) Куәлікті арнайы журналға (N 8-қосымша) тіркегеннен кейін, қол қойғызып береді.

10. Алатын әлеуметтік төлемдердің түрі немесе мөлшері өзгерген жағдайда ЗТМО бөлімшесі Куәліктің іш бетіне болған өзгерістер туралы қажетті жазу жазады, ол мөртабанмен расталады.

11. Куәлік жоғалған жағдайда, Департамент алушының өтініші бойынша көшірме жазып береді. Жоғарыдағы оң жақ бұрышына "Көшірме" деген белгі қойылады. Көшірме беру кезінде Куәліктерді тіркеудің арнаулы журналына тиісті жазу жазылады (N 8-қосымша).

12. Қазақстан Республикасына басқа елдерден тұрақты тұру үшін көшіп келген адамдар зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды жаңадан тағайындау р е с і м і н е н ө т е д і .

Тағайындау тұрақты тұратын жерінде тіркелген күннен бастап, бірақ зейнетақылар немесе жәрдемақылар тағайындау үшін өтініш пен барлық қажетті құжаттар бір уақытта берілген күннен кейін жүргізіледі.

13. Жерлеуге берілетін жәрдемақыларды және зейнетақылар мен жәрдемақылардың толық алынбаған сомаларын төлеуді төлем қажеттігіне (N 9 қосымша) енгізу жолымен ЗТМО бөлімшелері жүргізеді.

14. Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамтамасыз етілетін отбасы мүшелері санының, мүгедектік тобының, жұмыс өтілінің өзгеруіне байланысты зейнетақы немесе жәрдемақы мөлшерін өзгерту туралы шешімнің жобасын ЗТМО бөлімшесі әзірлейді және оны Департамент бекітеді.

15. Айлық есептік көрсеткіштің, зейнетақының ең төмен мөлшерінің мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері өзгеруіне байланысты зейнетақылар мен жәрдемақыларды арттыруды, өтілі толымсыз болғанда қайта есептеуді қоспағанда, істерге мәртабан қою жолымен (N 10-қосымша) ЗТМО бөлімшелері жүргізеді.

**Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

16. ЗТМО бөлімшесі басқа жаққа кететін адамның өтініші негізінде істі қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының немесе ЗТМО басқа бөлімшелерінің сұратуы бойынша жібереді.

17. ЗТМО бөлімшесі азаматтық хал актілерін жазатын бөлім (АХАЖБ), денсаулық сақтау органдары, әулетті ведомстволардың зейнетақы қызметтері, селолық (ауылдық) округтер мен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау органдары ағымдағы айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей ұсынған қайтыс болғандар мен көшіп кеткендердің тізімін салыстыруды ай сайын жүргізеді.

### **3. Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуді ұйымдастырудың тәртібі**

18. ЗТМО бөлімшесі Департаменттің зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау туралы шешімін алғаннан кейін құжаттарды тиісті өңдеуді жүргізеді:

1) зейнетақы істерін, N 1 тізім бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар алушылардың істерін (бұдан әрі - істері) Тіркеу кітабында (N 3 қосымша) нөмір беріп тіркейді;

2) зейнетақылар мен жәрдемақылар төлемі бойынша N 2 нысандағы есеп кәртішкесін ресімдейді (N 11 қосымша);

3) төлемдер түріне сәйкес жаңа алушыларды зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу N 7 немесе N 7д нысандағы тізім-ведомостарына (N 12,13 қосымша) енгізеді, оларды тиісті банк операциялары түрлеріне қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдарға ағымдағы айдың 25-не дейін, кестеге сәйкес түзету күнін есепке ала отырып азайту жағына қарай қаржыландыру бойынша береді.

4) көрсетілген тізім-ведомостар мәртабанмен расталады және ЗТМО бөлімшесінің бастығы оған қол қояды;

5) ЗТМО бөлімшесі N 7 нысандағы тізім- ведомосты екі данада, біріншісін құжаттамалық түрде және электрондық файл түрінде - банкке зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын зейнетақы (жеке) шоттарына жедел есепке алу үшін, екінші данасын - бақылау үшін ЗТМО бөлімшесіне арнап жасайды;

6) электронды қол қоюды енгізген жағдайда, электронды қол қоюды пайдалануға рұқсаты бар ЗТМО бөлімшесі N 7 нысандағы тізім-ведомосты жасайды және қызмет көрсететін банкке бір данадан құжаттамалық түрде және зейнетақы (жеке) шоттарына зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын жедел есепке алу үшін электронды қол қойылып электронды түрде жібереді;

7) қажеттілік әр айдың 15-нен келесі айдың 15-не дейін қоса жасалды;

8) зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу қажеттілігіне енгізіледі, ол ЗТМО филиалына ағымдағы айдың 20-на дейін N 4 нысан (N 14 қосымша) бойынша жіберіледі;

9) ЗТМО бөлімшелері берген зейнетақы мен жәрдемақылар төлеуге арналған қажеттілік тапсырысы негізінде ЗТМО филиалы төлеуге арналған қаражаттың жиынтық қажеттілігін жасап, оны электронды түрде республикалық ЗТМО-на ағымдағы айдың 23-не дейін жібереді.

**Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 293 бұйрығымен.**

19. Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеу қажеттілігіне берілген тапсырыстар негізінде республикалық ЗТМО әр айдың 25-не дейін Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі - Министрлік) қажеттілік тапсырысын береді.

20. Министрлік өткен айдың зейнетақы мен жәрдемақы төлемдеріне арналған қаражатты республикалық ЗТМО-ға қазынашылықтың рұқсатымен бөлінген сомалар шегінде аударады. Аудару бекітілген төлем кестесіне сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту: 20-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

21. Алушының оқуы, мүгедектің МӘСК-да кезекті куәландырылуы туралы анықтаманы ұсынбауына байланысты зейнетақылар немесе жәрдемақылар төлемі тоқтатылған істер, қолданылып жүрген картотекалардан бөлек "Бақылауда" деген белгісі бар картотекада 6 ай бойына алушының өзі өтінішпен келгенге дейін сақталады. 6 ай өткеннен кейін іс ақырғы төлемнің күні көрсетіле отырып есептен шығарылады, N 2 есеп кәргішкесі жабылып ЗТМО бөлімшесінің мұрағатына тапсырылады.



Алушы қайтыс болған немесе басқа да себептермен төлем тоқтатылған жағдайда ЗТМО бөлімшесі істі, алушының есеп кәртiшкесiн жауып, оларды ЗТМО бөлімшесінің мұрағатына сақтауға жібереді.

22. Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуді тоқтату заңнамаға сәйкес ж а ң а р т ы л а д ы .

Алушы қайтыс болған немесе төлеуді басқа себептермен тоқтатқан жағдайда ЗТМО алушының ісін, кәртiшкесiн жауып, оларды ЗТМО бөлімшесінің мұрағатына өткізеді.

Мерзімі біткенге дейін сақталған зейнетақы немесе жәрдемақы алушының мұрағаттық істері басқа мемлекеттердің сұратуы бойынша жіберілуі мүмкін.

23. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу оларды алу құқығы тоқтатылған сәтке дейін жүргізіледі.

24. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға зейнетақы немесе жәрдемақы төлеу азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұру рұқсаты негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматқа зейнетақы немесе жәрдемақы төлеу оның төлқұжатының күшінде болатын мерзімге жүргізіледі ( күші болған мерзімге төлқұжатының немесе куәлігінің көшірмесі немесе тұру рұқсатының мерзімі көрсетілген куәлік ЗТМО бөлімшесіне ұсынылады).

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу алушының тұрғылықты жері бойынша өткен ай үшін жүргізіледі.

24-1. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес оралман болып танылған адамдарға, олар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басының куәлігін алғанға (бірақ 6 айдан аспайтын мерзімге) дейін, зейнетақы мен жәрдемақы оралманның белгіленген үлгідегі жеке куәлігі негізінде төленеді.

**Ескерту: 24-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 293 бұйрығымен.**

**25. Тармақтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2003 жылғы 5 мамырдағы N 92-ө бұйрығымен .**

26. Басқа мемлекеттердің аумағында уақытша тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тоқтатылған зейнетақы немесе жәрдемақы төлемдері олар Қазақстан Республикасына қайтып оралған кезде қайта жаңғыртылады.

27. ЗТМО бөлімшесінің маманы N 2 есеп кәртiшкесiн жапқан кезде " Зейнетақы, жәрдемақы төлемдерін тоқтатуға" бөлімінде жабылған күні мен себебін, сондай-ақ төлем жүргізілген соңғы айын көрсетіп, тізілім-кітапта белгі соға отырып бір мезгілде жазады.

28. Қызмет көрсетуші банк зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуді аяқтаған соң біріккен салыстыру кесімін жасау үшін зейнетақы немесе жәрдемақы төлеуге арналған тізім-ведомостың расталған бір данасын және зейнетақы немесе жәрдемақы сомаларын зейнетақы шоттарына есептелген және есептелмеген сомалар мен олардың есептелмеу себептерін көрсете отырып, электронды түрдегі жедел есептеу хаттамасын қайтарады.

Бөлімше зейнетақы мен жәрдемақылардың нақты жүргізілген төлемдері туралы электронды түрдегі ақпаратты ЗТМО филиалдарына жібереді.

29. Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу аяқталған соң келесі айдың 5-не дейін қызмет көрсетуші банк пен ЗТМО бөлімшелері арасында төлемдер бойынша өзара есептер жөніндегі салыстыру-кесімі (N 15, 16, (жоқ) қосымшалар) ж а с а л а д ы .

ЗТМО аудандық бөлімшелері тоқсанына бір рет ЗТМО облыстық филиалына жіберілетін 1-ПЦЦ есебі жасайды. ЗТМО облыстық филиалында облыс бойынша жинақтама есебі жасалады және республикалық ЗТМО, сондай-ақ облыстық және Астана мен Алматы қалалары бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Департаменттеріне жіберіледі.

**Ескерту: 29-тармақ өзгертілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2001 жылғы 19 сәуірдегі N 71-б бұйрығымен .**

30. Тегі, әкесінің аты мен өзінің аты, қызмет көрсетуші банктегі жеке шотының нөмірі өзгерген жағдайда алушы бұл өзгерістер туралы, тиісінше өзгертуді растайтын құжаттарды қосып, ЗТМО бөлімшесіне өтініш береді.

31. ЗТМО бөлімшесі екі жылда бір рет зейнетақы мен жәрдемақы төлемдері жөніндегі істер мен есеп кәртішкелер түгендемесін жүргізеді.

32. Алушы қайтыс болған жағдайда жерлеуді жүзеге асырған адамның өтініші , нотариалды немесе ЗТМО бөлімшесінің бастығы растаған өлім туралы куәліктің көшірмесі немесе ЗАГС органының өлімі туралы анықтамасының негізінде жерлеу үшін қайтыс болған сәтте белгіленген 15 айлық есептік көрсеткіш, соғысқа қатысушыға - 35 айлық көрсеткіш мөлшерінде, немесе заңнамада белгіленген өзге мөлшердегі біржолғы жерлеу жәрдемақысы төленеді. ЗТМО бөлімшесі ЗТМО филиалына күн сайын тапсырыс береді.

Қайтыс болған адамның толық алынбаған зейнетақы немесе жәрдемақы сомасы оны алуға құқығы бар адамға ресімделеді және мұрагердің реквизиттері көрсетіліп, төлеуге арналған тізім-ведомосына енгізіледі.

33. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға көшіп кеткен алушыларға ЗТМО бөлімшелері кету фактісін (тіркеуден алынғандығын) растаушы құжаттар қоса берілген кету туралы өтінішінің негізінде тіркеуден



алынған айдың зейнетақысы мен жәрдемақысын қоса төлейді. Қажет болған жағдайда ЗТМО бөлімшесі N 4в нысандағы қосымшасымен бірге тапсырыс жасайды және оны ЗТМО филиалына жібереді (N 20 қосымша).

34. ЗТМО филиалы республикалық ЗТМО-ға жерлеу жәрдемақылары төлеміне күн сайынғы тапсырыс-қажеттілікті N 11 және 11 а нысандары бойынша (алушы жеке тұлғалар бойынша), N 11 б, 11 в нысандары бойынша (алушы заңды тұлғалар бойынша) және шығуға арналған жиынтық тапсырыс-қажеттілікті N 4 г нысаны бойынша қызмет көрсетуші банктің бөлімшелері бойынша ұсынады (N 21, N 22, N 22-1, N 22-2-қосымшалар).

**Ескерту: 34-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

35. Республикалық ЗТМО жерлеуге және көшіп кетуші алушыларға жәрдемақыларды төлеуге арналған қажеттілік тапсырысты ЗТМО филиалдарының тапсырысы негізінде жасап, оны қаржыландыру үшін Министрлікке жібереді.

36. ЗТМО бөлімшесі жерлеуге арналған жәрдемақы алушылардың тізім-ведомосы мен алушылардың көшіп кетуіне байланысты тізім ведомосын тапсырыстарды қаржыландыру туралы хабарламаны алғаннан кейін банкке береді.

37. Зейнетақы немесе жәрдемақы алушылар бас еркінен айырылған жағдайда оларды ұстау шығындарын өтеу үшін төлемдер Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы N 208-І Қылмыстық-орындау Кодексінің 103-бабының 1,3 тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

38. Сотталған алушы өзінің ұстау шығындарын өтеу үшін қандай төлем түрін алғанын көрсетіп, түзеу мекемесінің әкімшілігіне өтініш жасайды. Түзеу мекемесі тиісті ЗТМО бөлімшесіне сотталушының тегін, әкесінің атын, атын, бұрынғы мекен-жайын, сондай-ақ жазасын өтеу мерзімі (соның ішінде мерзімінен бұрын босаған кезде) мен түзу мекемесінің реквизиттерін көрсетіп хат жазады.

39. Түзеу мекемесі орналасқан жердегі ЗТМО бөлімшесі түзеу мекемесінен хабар алған соң, сотталушының бұрынғы тұрғылықты жеріндегі ЗТМО бөлімшесінен сотталушының ісін сұратады.

40. Түзеу мекемесі орналасқан жердегі ЗТМО бөлімшесі істі алғаннан кейін оны есепке алады және зейнетақысын немесе жәрдемақысын түзеу мекемесінің арнаулы шотына аудару үшін реквизиттерін көрсетіп сотталушыны тізім-ведомоске енгізеді.

41. ЗТМО филиалы түзеу мекемесіне аударуға жататын жалпы соманы зейнетақы немесе жәрдемақы төлемдері қажеттілігінің жиынтық кестесіне (N 24-

қосымша) енгізеді және оны, көрсетілген соманы белгіленген тәртіппен Қазынашылықтағы арнаулы шотта қаржыландыруды жүргізетін республикалық ЗТМО-на жібереді.

42. Түзеу мекемелерінде ұстап қалулардың барлық түрлеріне қарамастан есептелген зейнетақының немесе жәрдемақының кемінде 25 пайызы сотталғандардың есепшотына есептеледі, ал 60 жастан - асқан еркектерге, 55 жастан асқан - әйелдерге, I және II топтағы мүгедектерге, кәмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, балалар үйлерінде баласы бар әйелдерге - оларға есептелген зейнетақы немесе жәрдемақының кемінде 50 пайызы есептеледі.

43. Қызмет көрсетуші банк зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуді алушының жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған кезде, зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың тізім-ведомосы негізінде жүргізеді. Зейнетақы мен жәрдемақыны қызмет көрсетуші банк арқылы төлеу үшін азаматтың салымдар бойынша шотқа есептеу жолымен алу туралы жазбаша өтініші міндетті шарт болып табылады.

44. ЗТМО бөлімшелері ай сайын зейнетақы мен жәрдемақы төлеуді аяқтаған соң зейнетақы мен жәрдемақы төлеу қозғалысының есебін жүргізеді (N 25 қосымша).

45. Ағымдағы айдағы алушылардың жалпы саны журналда ЗТМО бастығы мен бас маманның қолымен расталуға тиіс.

46. Асыраушысынан айрылуына байланысты берілетін жәрдемақыны төлеу кезінде N 2 нысандағы кәртiшкенің "Отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерінің құрамы" бөлімінде отбасының еңбекке жарамсыз мүшелерінің, мүгедектігі бойынша берілетін болса - 16 жасқа дейінгі бала жастан мүгедектің тегі, әкесінің аты мен аты және туған жылы көрсетіледі.

47. N 2 нысандағы кәртiшкенің "Зейнетақы мен жәрдемақыны тағайындау, өзгерту, ұзарту" бөлімі бастапқы тағайындау және кейінгі қайта қарау кезінде толтырылады.

48. N 2 нысандағы кәртiшкенің "Төлемдер туралы белгілер" бөлімінде төлемнің өткен уақыттағы мөлшері, зейнетақының немесе жәрдемақының ағымдағы мөлшері мен төлеудің аяқталатын мерзімі көрсетіледі.

49. N 2 нысандағы кәртiшкенің "Төлемдер туралы белгілер" бөліміндегі келесі жазу арттырумен, қайта есептеумен немесе индекстеумен байланысты зейнетақы немесе жәрдемақының мөлшері өзгерген жағдайда жүргізіледі.

50. ЗТМО бөлімшелері ЗТМО филиалдарына зейнетақы немесе жәрдемақыдан жүргізілетін ұстап қалулар туралы ай сайын деректер ұсынады, олар оны одан әрі республикалық ЗТМ-на жібереді.

51. Зейнетақыдан немесе жәрдемақыдан жүргізілетін ұстап қалулар орындау құжаттары негізінде жүргізілуге тиіс.

52. Орындаушылық парақ бойынша ұстап қалулар мен өндіріп алулар жөніндегі есеп жүргізулер кітапта мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) келіп түскен орындаушылық парақтар алимент өндіріп алу туралы орындаушылық құжаттардың есеп кітабына тіркелді (N 26 қосымша);

2) зейнетақы мен жәрдемақы төлемдері жөніндегі есеп кәртiшкесiнiң "ұстап қалу түрi" бөлiмiнде орындаушылық құжаттың нөмiрi мен күнi, пайдасына ұстап қалу жүргiзiлетiн адамның тегi, әкесiнiң аты, аты көрсетiледi;

3) ЗТМО бөлiмшелерiнде зейнетақы мен жәрдемақылардан орындаушылық құжаттар бойынша ұстап қалулардың тiзiлiмi ай сайын жүргiзiледi;

4) тағайындалған зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу ай сайынғы ұстап қалуларды, оның iшiнде түзеу мекемелерiнде жүрген адамдардан жүргiзiлген ұстап қалуларды, ескере отырып жүргiзiледi, бұл ретте алушының N 2 нысандағы кәртiшкесiне тиiстi жазу жазылады.

53. Зейнетақы немесе жәрдемақы алушы бiр адамға бiрнеше орындаушылық құжаты келiп түскен кезде ЗТМО бөлiмшесi ұстап қалулар туралы есептiң жобасын толтыруы және орындаушылық парағымен бiрге ЗТМО филиалы арқылы Департаментке тексеруге жiберуi мүмкiн (N 27-қосымша).

54. ЗТМО филиалында әрбiр ЗТМО бөлiмшесi бойынша алименттер мен ұстап қалудың басқа да түрлерiнде арналған орындаушылық құжаттарының есебi жүргiзiледi және ай сайын зейнетақы мен жәрдемақы алушыдан ұсталған сомалар мен пайдасына ұстап қалу жүргiзiлетiн адамға аударылғаны туралы белгi қойылады.

55. Өндiрiп алу жөніндегi есептердiң талдау есебi мынадай тәртіппен жүргiзiледi :

1) бұл сомаларды есепке алу N 2 нысандағы кәртiшкенiң зейнетақы мен жәрдемақы төлеу жөніндегi бөлiмiнде жүргiзiледi. Ұстап қалуға жататын артық төлемдердiң жалпы сомасы, ұстап қалудың айлық сомасы мен мерзiмi көрсетiлiп ұстап қалу туралы жазу жүргiзiледi;

2) қызметкер ЗТМО әрбiр бөлiмшесi бойынша әр жылдағы артық төленген зейнетақы мен жәрдемақы сомасын ұстап қалу тiзiлiмiн жүргiзедi;

3) зейнетақы мен жәрдемақы төлемдерiне арналған тiзiм-ведомостерде артық төлемдердi өтейтiн ұстап қалулар алынып тасталған сомалар көрсетiледi. Ұсталынып қалған сомалар N 2 нысандағы есеп кәртiшкесiне жазылады.

56. ЗТМО бөлiмшесiне қатыссыз себептер бойынша алушыларға артық аударылған (төленген) зейнетақы мен жәрдемақы сомаларын, ЗТМО бөлiмшелерiнде оларды қалпына келтiру мүмкiндiгi болмаған жағдайда есептен шығару үшiн борышкердiң қайда екендiгi белгiсiз болуына немесе мұрагерi болмауына немесе басқа да себептермен байланысты сомаларды қайтару мүмкiн еместiгi жөнінде анықтау үшiн сот органдарына бару қажет.

57. ЗТМО бөлімшелері артық аударған (төленген) сомаларды есептен шығаруды "Орындаушылық өндіріс және сот орындаушының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес сот қаулыларының негізінде немесе ұйымның дәрменсіздігі (банкрот болуы), борышкердің қайда екендігі белгісіздігі немесе мұрагері болмауы және ЗТМО бөлімшесіне қатыссыз басқа да себептер бойынша сот істі қараудан ресми түрде бас тартқанда жүргізіледі. ЗТМО бөлімшесінің есептен шығару кесімі 3 жыл сақталады.

1-қосымша

**Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .**

Ауданның коды \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы**

**Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі**

**Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық**

**ӨТІНІШ**

азаматтан

(Өтініш иесінің Т.А.Ә.)

Туған күні 19\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мекен-жайы бойынша тұратын

Банктегі жеке шоты N \_\_\_\_\_

Банк филиалы N \_\_\_\_\_

Байланыс бөлімі N \_\_\_\_\_

Менің (СТН) \_\_\_\_\_ ӘЖК \_\_\_\_\_

Жеке куәлік (паспорт) деректері: N \_\_\_\_\_

Берген мекеме \_\_\_\_\_ Берілген күні \_\_\_\_\_

(жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін; мүгедектігі бойынша,

асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты, жасы бойынша

\_\_\_\_\_ мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы; N 1 Тізім бойынша \_\_\_\_\_ тағайындауды сұраймын

\_\_\_\_\_ мемлекеттік арнаулы жәрдемақы)

**Ескерту:** МӘЖ өтініш жазған кезде мүгедектік тобы немесе асырауындағы адамдар саны көрсетіледі.

Зейнетақы немесе жәрдемақы бұрын басқа негіздер бойынша

немесе басқа ведомстводан тағайындалғанын (тағайындалмағанын жоқ) хабарлаймын - керегін сызу.

Бір уақытта әр түрлі мемлекеттік зейнетақы немесе жәрдемақы алу құқығына ие болғанда өзімнің таңдауым бойынша біреуін алуға құқылы екенім ескертіледі.

Төленетін зейнетақы немесе жәрдемақы мөлшерінің өзгеруін әкеп соқтыратын барлық өзгерістер туралы, сондай-ақ тұрғылықты жерімнің өзгеруі (соның ішінде ҚР аумағынан тыс кету) туралы ЗТМО хабарлауды міндеттенемін.

Берілген күні \_\_\_\_\_ Өтініш иесінің қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ азаматтың өтініші

қабылданды (өтініш құжаттармен қоса қабылданған күні)

200 \_\_\_ " \_\_\_ " N \_\_\_\_\_

Құжаттарды қабылданған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ ( к е с у с ы з ы ғ ы )

Бір уақытта әр түрлі мемлекеттік зейнетақы және/немесе жәрдемақы тағайындалған жағдайда ЗТМО бөліміне хабарлауға міндетті екенім ескертіледі.

Төленетін зейнетақы немесе жәрдемақы мөлшерінің барлық өзгеруі туралы ЗТМО бөліміне хабарлауға міндеттенемін.

Өтінішке қоса тігілген құжаттардың тізбесі:

N	Құжаттың атауы	Құжаттағы	Ескерту
N		п а р а қ т а р с а н ы	
		р / с	

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ азаматтың өтініші

N \_\_\_\_\_ тіркелді Құжат қабылданған күн \_\_\_\_\_

Құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы және қолы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

## **Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауға арналған құжаттардың тізбесі 1. Зейнетақы төлемдері**

Ескерту: 2-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2004 жылғы 9 желтоқсандағы N 293 бұйрығымен, 2005 жылғы 16 маусымдағы N 162-ө бұйрығымен .

1. Жеке куәліктің көшірмесі;
- 1-1. оралманның жеке куәлігінің көшірмесі;
- 2 . Ө т і н і ш ;
3. Тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжат (үй иесінің тұрғындары есепке алу кітабының көшірмесі) немесе Тұрғын үй департаментінен , селолық және/немесе ауылдық әкімдерінің анықтамасы т.б.
4. Орташа айлық табысы туралы анықтама (28-қосымша).
5. Зейнетақы қорына 1998 жылғы 01.01 дейінгі жұмыс кезеңі үшін сақтандыру жарналарын төлегені туралы Салық комитетінен анықтама (Зейнетақымен қамсыздандыру Заңының 11-бабының 16-тармағы).
6. Стажын растау үшін мынадай құжаттар ұсынылуы мүмкін:
  - 1) еңбек кітапшасының көшірмесі;
  - 2) оқу туралы дипломының көшірмесі;
  - 3) әскери билетінің көшірмесі;
  - 4) балалардың туу туралы куәліктерінің көшірмесі;
  - 5) аяқталғандығы туралы анықтама;
- б) соғыс іс-қимылдарына қатысқандығы туралы әскери комитеттен анықтама және басқа да қажетті құжаттар;
- 7) халықты әлеуметтік қорғау органы берген бірінші топ мүгедегін, екінші топтағы жалғыз басты мүгедекті немесе 80 жасқа келген қартты бағуды жүзеге асыратыны туралы тексеру актісі;
- 8) төтенше және жоғары радиациялық қатерлі аймақта 1949 жылғы 29 тамыздан 1963 жылғы 5 шілдеге дейін тұру фактісін растайтын құжат.

### **1-1. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі**

1. Жеке куәлігінің көшірмесі;
2. Өтініш.

### **2. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар**

- м ү г е д е к т і г і            б о й ы н ш а :
1. Жеке куәліктің көшірмесі;



2 .                   Ө т і н і ш ;

3. Белгіленген нысанда мүгедектік тобын белгілеу туралы МӘСК-нің куәландыру актісінен көшірме.

Қажетті жағдайларда аурудың, мүгедектіктің, радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың қайтыс болуының себепті байланысын белгілеу жөніндегі Ведомствоаралық сараптау комиссиясының шешімі;

4. Тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжат (үй иесінің тұрғындары есепке алу кітабының көшірмесі) немесе Тұрғын үй департаментінен , селолық және /немесе ауылдық әкімдерінің анықтамасы т.б.

5. Әскери билетінің көшірмесі (әскери қызметшілерге), ішкі істер органдарында әскери қызметін өтегенін растайтын ішкі істер органдарының а н ы қ т а м а с ы ;

6. Госпиталь берген ауруы туралы куәлігінің көшірмесі;

7. Балалардың туу туралы куәлігінің көшірмесі (16 жасқа дейінгі мүгедектер ү ш і н ) .

асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты:

1. Жеке куәліктің көшірмесі;

2 .                   Ө т і н і ш ;

3. Асыраушысының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі;

4. Адамды хабарсыз жоғалған деп таныған сот шешімі;

5. Қайтыс болған адаммен туыстық байланысын растайтын құжаттың көшірмесі (егер асырауындағы адам әкесі, шешесі, ағасы, әпкесі, немересі, өгей ұлы немесе өгей қызы болса);

6. Неке туралы немесе некені бұзу туралы куәліктің көшірмесі;

7. Қайтыс болған асыраушы балаларының туу туралы куәліктерінің көшірмесі ;

8. Қамқорлыққа алу туралы құжат (қажетті жағдайларда);

9. Тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжат (үй иесінің тұрғындарды есепке алу кітабының көшірмесі) немесе Тұрғын үй департаментінен, селолық және/немесе ауылдық әкімдерінің немесе қайтыс болған асыраушысының қарауында жұмысқа жарамсыз отбасы мүшелерінің б о л у ы                   т у р а л ы                   а н ы қ т а м а с ы ;

10. 18-ден 23-ке дейінгі отбасы мүшелері оқушы немесе студент болып табылады деген оқу орнының анықтамасы (жыл сайын оқу жылы басынан бастап ж а ң а р т ы л а д ы ) ;

11. Қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшінің әскери билеті, әскери қызметін өтегені туралы әлеуетті ведомство органдарынан анықтама;

Әскери қызметшінің өлімі қызметтік немесе әскери борышын атқаруына байланысты жағдайлар кезінде болғандығын растайтын құжат.

12. Қайтыс болған адамның 8 жасқа келмеген балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін бағумен айналысатын адамдар үшін тұрғылықты жері бойынша салық комитетінен олар жеке еңбек қызметімен айналыспайтындығы туралы анықтама, еңбек қызметін тоқтатқанын растайтын еңбек кітапшасының көшірмесі немесе Жұмыспен қамту орталығында (еңбек биржасы) тіркелгені туралы анықтама.

ж а с ы б о й ы н ш а

1. Жеке куәліктің көшірмесі;

2 . Ө т і н і ш ;

3. Тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжат (үй иесінің тұрғындарды есепке алу кітабының көшірмесі) немесе Тұрғын үй департаментінен, селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы т.б.

### 3. N 1 Тізім бойынша мемлекеттік арнаулы жәрдемақы

1 . Ө т і н і ш ;

2. Жеке куәліктің көшірмесі;

3. Еңбек кітапшасының көшірмесі;

4. Жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайын растайтын ұйым анықтамасы (29-қ о с ы м ш а ) ;

5. Тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы құжат (үй иесінің тұрғындарды есепке алу кітабының көшірмесі) немесе Тұрғын үй департаментінен, селолық және/немесе ауылдық әкімдерінің анықтамасы т.б.

Ұйым таратылған жағдайда жұмыс орны, атқарған қызметі, кәсібі, жұмыс кезеңдері мен сипаты, мұрағат ісінің нөмірі, оның парақтары көрсетілген мөрмен және мұрағат директорының және архивариустің қолымен расталған мұрағат а н ы қ т а м а с ы б е р і л е д і .

Айрықша жағдайларда ұйым таратылған кезде және мұрағат құжаттары болғанда мұрағат анықтамасы орнына облыс бойынша (Алматы және Астана қаласы) Бас мемлекеттік еңбек инспекторының қорытындысы берілуі мүмкін (30-қосымша).

3-қосымша

**Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындату жөніндегі азаматтардың өтініштерін тіркеу журналы**

Төлемнің түрі \_\_\_\_\_ Басталды \_\_\_\_\_ Аяқталды \_\_\_\_\_

N	Өтініш	Толық	Туған	Тұрғы.	Соның	ОАТ	Құжат.	Тағайындау
р/с	жасалған және	Т.А.Ә.	күні	лықты жері	ішінде жеңіл.	үш жыл	тар саны	немесе бас тарту ту.

құжаттар  
қабылдан.  
ған күн

діктер үшін,  
98.01. кезең.  
01. дер

ралы шешім.  
нің N  
(тағайындау  
күні, )  
зейнетақы,  
(жәрдемақы)  
мөлшері,  
мерзімі

Журналда \_\_\_\_\_ бет нөмірленген және байланған  
(цифрмен және жазбаша)

МО \_\_\_\_\_ ЗТМО бөлімінің \_\_\_\_\_ бастығы  
/Т.А.Ә., қолы/

4-қосымша

### ЗЕЙНЕТАҚЫ (ЖЕКЕ) ІСІ

Р е с п у б л и к а с ы

№ І с і

N

О б л ы с ы

N

Қ а л а с ы ( а у д а н ы )

N

т е л е ф о н ы

Зейнетақы немесе жәрдемақы түрі

Т е г і

А т ы

Ә к е с і н і ң а т ы

М е к е н - ж а й ы

Б а н к ф и л и а л ы N

Б а й л а н ы с б ө л і м і N

Т ө л е м к е с т е с і N

**ЕСЕПКЕ АЛУ НЕМЕСЕ ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ  
ТУРАЛЫ БЕЛГІЛЕР**

Есепке алынды

Есептен шығарылды

( кү н і )

( кү н і )

(төлем түрі)

(негіз)

(мөлшері)

2 0 0

(төлем түрі)

— — " — — "  
т ө л е н с і н

М . О .

(мөлшері)

д е й і н  
т ө л е н д і

( қ о л ы )

( кү н і )

М . О .  
( қ о л ы )

Есептен шығарылды

Есепке алынды

( кү н і )

( кү н і )

(негізі)

(төлемнің түрі)

(төлемнің түрі)

(мөлшері)

2 0 0 \_ \_ " \_ \_ "  
т ө л е н с і н

дейін төленді

( м ө л ш е р і )  
М.О.

( кү н і )

( қ о л ы )

М . О .  
( қ о л ы )

Есептен шығарылды

Есепке алынды

( кү н і )

( кү н і )

(негізі)

(төлемнің түрі)

(төлемнің түрі)

(мөлшері)

2 0 0 \_ \_ " \_ \_ "  
т ө л е н с і н

дейін төленді

( м ө л ш е р і )  
М.О.

( кү н і )

( қ о л ы )

М . О .

( қ о л ы )

### ТҮГЕНДЕУ ТУРАЛЫ БЕЛГІЛЕР

(Іс парақтарының саны) (Іс парақтарының саны) (Іс парақтарының саны)

( кү н і )

( кү н і )

( кү н і )

(қолы)

(қолы)

(қолы)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(Іс парақтарының саны) (Іс парақтарының саны) (Іс парақтарының саны)

\_\_\_\_\_  
(күні)

